



Сурет ҚР Орталық мемлекеттік кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архивінен алынды.

Құрметті зауыт ардагерлері мен ұжымдастар!

**Сіздерді қасиетті де қастерлі мереке – 9 мамыр
– Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!**

Зауытымыз бен Ұлы жеңістің арасында ерекше бір тарихи үндестік бар. Бұл берік байланыс кәсіпорынның құрылу уақытымен астасып жатыр. Атырау мұнай өңдеу зауыты да биыл 80 жылдық даңқты белесіне қадам басты. Демек, біздің кәсіпорын – Жеңіспен құрдас. Бұл – жай ғана сәйкестік емес, терең мәні бар тағылым. Өйткені, майдан даласында жауға қарсы қасқайып тұрған жауынгерлер секілді, тылдағы еңбек адамдары да тынымсыз жұмысымен жеңісті жақындатты. Соғыстан кейін ел еңсесін көтеріп, экономикасын қалпына келтіру жолында мұнай өңдеу зауытының үлесі өлшеусіз болды.

Соғыстан кейінгі жылдары майданнан аман оралған 350-ден астам жауынгер бейбіт өмірде біздің зауытта еңбек етіп, ел игілігі үшін маңдай терін төкті. Олар тек отын өндіріп қойған жоқ, өрлік пен еңбекті, табандылық пен тәртіпті кейінгі буынға аманат етті. Сол аманат бүгінгі күні де өз құнын жойған жоқ.

Құрметті әріптестер! Бұл – тек мереке емес, батыр бабалар рухына тағзым ету күні. Олардың жанқияр ерлігі мен ертеңге деген сенімі – бүгінгі бейбіт тірлігіміздің алтын діңгегі.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Жеңістің рухы жүрегімізде мәңгі сақталсын!

Ізгі ниетпен,
Атырау мұнай өңдеу зауыты ЖШС
Бас директоры

Қуаныш БИШИМОВ

Уважаемые коллеги, дорогие ветераны завода!

**Поздравляю вас с одним из самых значимых
праздников – Днём Победы,
праздником мира и мужества!**

Вторая мировая война стала тяжелейшим испытанием для многих народов и национальностей, в то же время она является проявлением героизма, стойкости и единства людей разных стран.

Если вспомнить историю нашего завода, то именно с него и именно в годы Великой Отечественной началось развитие нефтепереработки в Казахстане. Ровесник Победы, наш завод был введен в эксплуатацию первым из четырех, возводящихся одновременно в разных уголках СССР. В послевоенные годы в том числе благодаря нашему предприятию экономика огромной страны последовательно развивалась. Более 350 морально закаленных, заточенных уже на производственные победы, подаривших нам мир фронтовиков работали на гурьевском нефтеперерабатывающем заводе. И сегодня, спустя 80 лет, мы храним традиции тех сильных и мужественных людей, которые понимали значимость этого предприятия для будущих поколений и для Казахстана в целом.

От имени коллектива Атырауского нефтеперерабатывающего завода могу сказать, что мы помним военные и мирные подвиги инженеров, специалистов, обычных работников, верны их традициям и безмерно благодарны.

Я также поздравляю всех заводчан с Днём защитника Отечества. Желаю крепкого здоровья и производственных успехов! Сохраняя память о Великой Победе, мы обязаны продолжать заложенное ветеранами АНПЗ мирное дело нефтепереработчиков.

Генеральный директор
ТОО «Атырауский нефтеперерабатывающий завод» Куаныш БИШИМОВ

**АМӨЗ-де «Жастар рухы»
Жастар қанатының
төрағасы тағайындалды**



**Берлинге дейін
жеткен жауынгер**

Атырау мұнай өңдеу зауыты Сенат депутаттарына экологиялық жобаларын таныстырды

Н. Балғымбаев атындағы даму және коммуникациялар орталығында ҚР Парламенті Сенатының Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің көшпелі отырысы өтті. Жиынға сенаторлар, экология және энергетика министрлігінің, Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығының өкілдері, сондай-ақ Атырау облысы әкімдігі, мәслихаты мен өңірдегі ірі кәсіпорындардың жауапты мамандары қатысты.



Шараның басты тақырыбы – түрлі салаларға «жасыл» инвестицияларды тарту және ең озық қолжетімді технологияларды енгізу бойынша мемлекеттік қолдау мәселесін талқылау болды.

Жиында Атырау мұнай өңдеу зауытының еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және азаматтық қорғаныс департаментінің директоры Еркін Сүлейменов кәсіпорынның экологиялық қызметі туралы баяндады. Ол қатысушыларға зауыттың экологиялық көрсеткіштері, экономиканы дамытудағы үлесі, сондай-ақ табиғатты қорғауға бағытталған шаралары туралы айтты.

Ең озық қолжетімді технологияларды енгізу бағытында АМӨЗ қоршаған ортаға әсерді азайтуға арналған бірқатар шараларды іске асыруда. Атап айтқанда, 2022 жылдан бастап мұнай және бензин сақтау резервуарларына кезең-кезеңімен понтондар орнатылып жатыр. Бүгінде 7 понтон монтажданып, болашақта тағы 13 понтон орнату жоспарланған. Бұл шара көмірсутектің булануын 80%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ ЭЛОУ АТ-2 технологиялық қондырғысының пештерінде ескірген 36 дана жанарғы ауыстырылды. Нәтижесінде зиянды шығарындылар көлемі жылына 252 тоннаға азайды. Механикалық тазарту қондырғыларын реконструкциялаудың арқасында 258 мың м³ ағынды су қайта пайдалануға жіберілді.

2024 жылы АМӨЗ-дің төрт технологиялық қондырғысына эмиссияларды мониторингілеудің автоматтандырылған жүйесі енгізілді. Экологиялық бақылау құралдары пештер мен қазандықтардан шыққан түтін газдарындағы күкірт ангидридін, күйе, азот тотығы және көміртек тотығының мөлшерін нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді. Жиналған деректер әр 20 минут сайын «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» ақпараттық жүйесі арқылы бақылаушы органдарға жіберіледі.



Е.Сүлейменовтің сөзінше, 2024 жылы механикалық тазарту қондырғыларын реконструкциялау нәтижесінде АМӨЗ атмосфераға шығарылатын ластаушы заттар көлемін 525 тоннаға қысқартқан. Парниктік газдар шығарындылары 1,5 млн тоннаны құрап, 2023 жылмен салыстырғанда 41 294 тоннаға азайған.

Еліміздің үштен бірін жеңіл мұнай өнімдерімен қамтитын зауыт энергетикалық қауіпсіздікті дамытуда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, АМӨЗ жыл сайын экологиялық төлемдер мен салықтар арқылы ел экономикасына айтарлықтай үлес қосып отыр. Мәселен, 2024 жылы зауыт қоршаған ортаға эмиссиялар үшін 321 млн теңге төледі. Ал бюджетке 154,7 млрд теңге төлеп, еліміздегі 15 ірі салық төлеушінің қатарына кірді.

Баяндама соңында Е.Сүлейменов жиналғандарды АМӨЗ-дің табиғатты қорғауға бағытталған жаңа жобаларымен таныстырды. Олардың негізгілерінің бірі – баяу кокстеу қондырғысында мұнай буын ұстау блогын салу. Бастама ескі жабдықтарды жаңартып, реакторларды үрлеу кезінде көмірсутек буын ұстауға мүмкіндік береді. Жобаны іске асыру нәтижесінде атмосфераға шығарылатын зиянды заттар көлемі жылына 131,7 тоннаға азаяды деп күтілуде.

Кейін комитет отырысына қатысушылар Атырау мұнай өңдеу зауытына келіп, жаңартылған механикалық тазарту қондырғыларының жұмысымен танысты. Кездесу соңында зауыттың қоршаған ортаға әсерін азайту және экологиялық қауіпсіздігін арттыру бойынша жоспарлар талқыланды.

АМАНАТ партиясы АМӨЗ-де көшпелі қоғамдық тыңдау өткізді

Бүгін АМАНАТ партиясының Атырау облыстық филиалы Атырау мұнай өңдеу зауытының Бастауыш партия ұйымында көшпелі қоғамдық тыңдау өткізді. Бұл шара азаматтардың өзекті мәселелерін ашық талқылауға мүмкіндік беретін, партия мен халық арасындағы диалогты күшейтуге бағытталған маңызды алаңдардың бірі болды.



Қабылдауды «АМАНАТ» партиясы Атырау облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Қ.Бисалиев, Облыстық маслихаттың депутаты Фатима Тулеева, Қалалық маслихаттың депутаты Қ.Джаумбаев, «АМАНАТ» партиясы Атырау облыстық филиалы Заң кеңесшісі Б.Муртазин, қоғамдық қабылдау бөлімінің меңгерушісі А.Ахметжанова, «АМӨЗ» ЖШС бас директорының орынбасары Сәлімжан Нақпаев, Бастауыш партия ұйымының төрайымы Бақыт Өтебалы өткізді.

Тыңдау барысында көпшіліктің басты сұрағы баспанаға қатысты болды. Одан

бөлек әлеуметтік-еңбек қатынастары, өндірістік қауіпсіздік, жұмысшылардың әлеуметтік әл-ауқаты, медициналық қызметтерге қолжетімділік сынды мәселелер қозғалды.

Зауыттың 20-ға жуық қызметкері толғандыратын мәселелерін шешу үшін депутаттарға сауалдарын жолдады.

Қоғамдық тыңдау қорытындысы бойынша нақты ұсыныстар хаттамаға енгізіліп, тиісті органдарға жолданатыны айтылды. АМАНАТ партиясы мұндай тыңдауларды барлық өңірлік бастауыш ұйымдарда тұрақты түрде өткізуді көздеп отыр.

ПАРТИЯ КҮНДЕЛІГІНЕН

АМӨЗ-де «Жастар рухы» Жастар қанатының төрағасы тағайындалды

Атырау мұнай өңдеу зауытында «АМАНАТ» партиясы жанындағы «Жастар рухы» Жастар қанатының төрағасы Ақерке Искандерова бастаған делегация іссапармен келді. Қонақтарды зауыт басшылығы атынан Бас директордың орынбасары Сәлімжан Нақпаев пен АМӨЗ Бастауыш партия ұйымының төрайымы Бақыт Өтебалы қарсы алып, жұмыстарына сәттілік тіледі.

Кездесу барысында Атырау мұнай өңдеу зауытының «АМАНАТ» партиясы жанындағы «Жастар рухы» Жастар қанатының төрағасы лауазымына қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу департаментінің бастығы Орынбасар Искалиев ресми түрде тағайындалды. Атырау облысы бойынша филиал төрағасы Абылай Құрметұлы жаңа төрағаға табыс пен нәтижелі жұмыс тіледі.

Орынбасар Ерболатұлы өзіне жүктелген жоғары сенімді зор жауапкершілікпен қабылдайтынын атап өтіп, зауыт басшылығына көрсеткен қолдауы үшін алғысын білдірді. Ол «Жастар рухы» ұйымының басты мақсаттарын басшылыққа ала отырып, зауыттағы жастардың белсенділігін арттыруға, олардың кәсіби және рухани дамуына ықпал ететінін жеткізді.

Бүгінде «Жастар рухы» – білімге ұмтылған, еңбекқор, Отанын сүйетін 100 мыңнан астам патриот жастың басын біріктіретін ең ірі жастар ұйымының бірі. Ұйымның басты мақсаты – Қазақстандағы барлық жастарды біріктіре отырып, олардың бойында еңбекқорлықты, білімге деген құштарлықты және Отанға деген шынайы сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Негізгі міндеттері:



- Аймақтардағы жастардың әлеуетін ашу;
 - Жастардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;
 - Жастардың өз пікірлерін еркін білдіруіне және мемлекеттік басқару ісіне белсенді араласуына жағдай жасау.
- Атырау мұнай өңдеу зауыты жастары енді «Жастар рухы» ұйымының белсенді мүшесі ретінде жаңа мүмкіндіктерге ие болып, еліміздің болашағы үшін аянбай еңбек етуге ниетті.

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 80 ЖЫЛ!

Человек с горячим сердцем

В послевоенные годы, согласно сведениям из книги Жоламана Есенова «Первенец нефтепереработки Казахстана», на Атырауском (Гурьевском) нефтеперерабатывающем заводе трудилось более 350 участников Великой Отечественной войны. Доподлинно известны имена 263 из них. Сегодня, в преддверии 9 Мая, в наших материалах мы расскажем о Жайғали Бузаубаеве и Льве Кроле.

Лев Крол астраханец, родился в 1908 году. Там, в Астрахани, жила большая семья его родителей – Лазаря Львовича и Любви Матвеевны. По архивным сведениям из автобиографии Льва Крола известно, что у него было две старших сестры и два младших брата. Оба брата погибли, сражаясь на фронтах Великой Отечественной войны. Отец его был портным, мама – домохозяйка.

В Гурьев семья переехала во время войны, здесь было легче переживать трудные времена.

Но в Казахстан Лев Лазаревич приехал раньше всех своих родных: с 1926 года он работал слесарем на промысле Макат на буровой. Но, к сожалению, мирный труд не стал его единственной дорогой.

В неспокойные годы в странах Центральной Азии ему пришлось сражаться с басмачами. В Ташкенте Лев встретил Женю – хрупкую, но сильную девушку, которая навсегда завладела его сердцем.

После демобилизации он поехал к ней в город Рыбницу Молдавской ССР, молодые поженились. Лев работал кузнецом. Оттуда был вновь призван в армию – накануне войны с Финляндией.

Но самой тяжелой и героической страницей его жизни стала Великая Отечественная война. С июня 1941 года Лев Лазаревич воевал на Юго-Западном, Сталинградском, 1-м Прибалтийском и 1-м Белорусском фронтах. Он был старшим сержантом технической службы, оружейным мастером 1208 артиллерийского полка. На фронте не раз проявлял отвагу и профессионализм, под огнем устраняя неисправности с оружием прямо во время боя.

В наградных листах сохранились строки о его подвигах: «10 сентября 1944 года при наступлении на Прагу отказал затвор у орудия. Крол устранил неисправность за две ми-



нуты, и пушка снова открыла огонь. 14 сентября под огнем он исправил поломку станины третьего орудия, и вскоре из него была подбита вражеская самоходная пушка».

Его орудие в бою за деревню Леснянки работало бесперебойно, отбивая одну атаку за другой.

О Кроле упоминал Жоламан Есенов в книге «Первенец нефтепереработки Казахстана». Он пишет: «Фронтовики, прибывшие

в 1945–46 годах, приходили на завод по направлению городского военного комиссариата. Среди них был и кавалер ордена Красной Звезды Лев Крол, назначенный мастером ремонтного цеха. Эти люди отличались высоким моральным духом, они с готовностью шли туда, где были нужнее». Помимо этого значимого ордена у Льва Лазаревича были и другие награды – медали «За взятие Берлина», «За освобождение Варшавы» и «За победу над Германией».

После Победы Крол узнал, что его семья – жена с двумя дочерьми, мама и семья одной из сестер переехали в Гурьев. И он приехал сюда, устроился на нефтеперерабатывающий завод слесарем в ремонтно-механический цех, чтобы вновь заняться мирным трудом, и стал одним из первопроходцев зарождающейся казахстанской нефтепереработки.

Его трудовой путь, как и военный, был примером самоотверженности. В разные годы он был героем статей заводской газеты «Новатор», которая писала о нем как о мастере и наставнике.

В эти майские дни мы не могли пройти мимо этого имени и не вспомнить Льва Лазаревича Крола – человека, чья жизнь стала частью истории страны, войны и мирного труда.



Жайғали Бұзаубаев 1942 жылы майданға шақырылды. Олардың бөлімшесі Орынбор облысының Александровка ауылында жасақталды. Алғашқы шайқас сынағын жауынгерлер Ленинградтан 11 шақырым жерде бастан өткерді. Көрсеткен ерлігі үшін Ж. Бұзаубаев «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. 1943 жылы полк Балтық жағалауы майданына бағытталды. Мұнда олар Латвия мен Эстонияны азат етті. Осы бағытта 1943 жылғы 27 тамызда дивизия жаудың күшті қарсы шабуылын тойтарды. Артиллерист Жайғали Бұзаубаев өзі командир болған 76 миллиметрлік танкке қарсы зеңбірегімен, алғашқы неміс «Фердинанд» атты өздігінен жүретін танкін жойды. Осы жанқиярлығы үшін ол II дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды.

1944 жылдың шілдесінде Гомель маңында қиян-кескі ұрыс болды. Солардың бірінде Жайғали Бұзаубаев ерекше ерлік пен батырлық танытты. Жау күтпеген жерден қарсы шабуылға шыққанда, ол жалғыз өзі алға ұмтылған фашистерге оқ жаудырып, 15 солдатты атып түсірді. 2 пулемет пен 1 зениттік зеңбіректі жойып, жау шабуылын тойтаруға үлкен үлес қосты. Нақ көздеп арудың арқасында 7 пулемет, 40 солдат пен офицер жойылды. Жайғали Бұзаубаев шілде айының соңында көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін III дәрежелі Даңқ орденіне және «Үздік артиллерист» белгісіне ие болды.

1944 жылдың тамызында тура көздеумен ататын зеңбірек неміс автоматшыларымен қоршауға алынғанда, Жайғали Бұзаубаев 648-артиллериялық полктың 1-батальонын қоршауға алуға ұмтылған жауға қарсы оқ жаудырып, олардың шоссеге шығуына мүмкіндік бермеді.

Немістердің бір өздігінен жүретін қаруы ұрыс шебін бұзып өтпек болғанда, ефрейтор Жайғали Бұзаубаев оны дәл көздеп атып жойды. Осы ерлігі үшін ол Қызыл Ту орденімен марапатталды.

Берлинге дейін жеткен жауынгер

1968 жыл. Композитор Ян Френкель мен ақын Расул Гамзатов жеті ұлы соғыстан келмей қалған осетиндік Газдановтар отбасын еске алу үшін «Журавли» әні жазған еді. Осетиндік отбасы оқиғасы қазақтың Бұзаубаевтар отбасында да қайталанып отыр. Бұл жанұяда 7 ұл сұрапыл соғысқа аттанып, 6 ұл майданда ерлікпен қаза тапқан. Оған шыдамаған ана жүрегі де ерте тоқтаған. Соғыстан аман қайтқан 7 ұлдың бірі – Жайғали Бұзаубайұлы. Ол Мәскеуден Берлинге дейінгі майдан жолын жүріп өткен жан.

Қазақстаннан шыққан батыр жауынгер Прибалтика, Беларусь, Польша, Германия қалаларын азат етуге қатысты. Оның алғашқы марапаты – Мәскеу түбіндегі қиян-кескі шайқастарда алған Қызыл Жұлдыз ордені. Алғыс хаттар қаншама?! Осы алғыс хаттардың бірі

6 ұлдан бір мезетте айырылған әке күн сайын таңертең Жайғали Бұзаубаевтың терезесінің алдына келіп, амандығын біліп отыратын болған. Өйткені жүректе қалған ауыр із соғыстан қайтқан жалғыз ұлының амандығын білу арқылы жазылса керек. Елге аман-есен оралған



бүгінде Бұзаубаевтар әулетінің құнды жөдігеріне айналған. «Полоцк, Варшава, Данциг, Гданьск, Барт, Мекленбург, Брендербург қалаларын азат ету ұрыстарына қатысқаны үшін Жайғали Бұзаубаевқа Кеңес Одағының Бас қолбасшысы, маршал И.В. Сталиннің бұйрығымен алғыс жарияланды».

Қайсар да батыр Жайғали Бұзаубаев аға сержант шөніне дейін көтеріліп, Берлинге дейін жетті. 1946 жылы әскерден босатылғанда, көрсеткен ерлігі мен жауынгерлік еңбегі үшін оған велосипед сыйға тартылды. Сөйтіп, алыстағы Германиядан ол сыйлықпен оралды. Бірақ ол өз ата-анасына қайғыдан кейінгі ең қымбат сый болды – өйткені бұл кезде олар алты бірдей баласының қаза тапқаны туралы қара қағаз алған еді...

соң, майданда қаза тапқан туыстарын, жақындарын, бауырларын жоқтады. «Новатор» басылымының архивтік нөмірінің бірінде: «Бұл соғыс қаншама тағдырды қиды. Біз отбасымыздан алты ағайынды едік. Төртеуіміз майданнан оралмадық. Екі ағам Сталинград түбінде, біреуі Харьковте, тағы бірі Кавказда қаза болды. Олар туралы әлі күнге дейін естеліктер айтып, дұға бағыштап отырамыз», – деген жазбасы сақталған.

Соғыс жылдарында Жайғали Бұзаубаев тек ерлігімен емес, адамгершілігімен де көзге түсті. Майдан даласында жерлесі Сәлім Қуанышұлын ажал аузынан құтқарып қалуы – соның дәлелі. Кейін елге аман-есен оралған қос сарбаз бірібіріне туыс болып, Жайғали Сәлімнің қарындасы Мәрия Қуанышқызымен от-

басын құрады. Бұл шаңырақта екі ұл, үш қыз дүниеге келіп, әрқайсысы өз жолын тауып, тәрбиелі ұрпаққа айналды.

1946 жылы 7 тамызда Жайғали Бұзаубаевтың Гурьев мұнай өңдеу зауытында еңбек жолы басталады. Ол еңбек жолын оператор көмекшісі болып бастап, бір мезгілде оқып, қосымша мамандықтарды меңгеріп, біліктілігін арттырды. Көп ұзамай №4 цехтың операторы атанды.

1966 жылы мұнайды өңдеу бойынша өндірістік жоспарды сәтті орындағаны және мұнай өңдеу өнеркәсібіндегі еңбегі үшін Жайғали Бұзаубаев Ленин орденімен марапатталды – бұл сол кездегі еңбек ерлігіне берілетін ең жоғары марапат болатын. Бейбіт өмірде де Жайғали Бұзаубаев елге адал қызмет етті. Жайғали аға тәртіпті, еңбекқор, жұмысына адал болатын – бұл майдандағы шынығудан қалыптасқан қасиет еді.

Біздің редакциямызға Жайғали Бұзаубаевтың қызы Майра Жайғалиқызы хабарласып, естеліктермен бөліскен еді: «Әкем өте сабырлы, мінезі жәйлі жан болды. Соғыс туралы әңгімелерін тыңдағанда, оның фашистермен қалай шайқасқаны, біреуді өлтіргенін немесе атып тастағанын айтқанда, көзге елестету қиын болатын. Ал Сәлім нағашым керісінше жаужүрек, мінезді кісі болды», – дейді Майра Жайғалиқызы.

Отбасылық архивте Бұзаубаевтардың әкесіне жазған хаттары да сақталған. Сол кездерде үшбұрышталып бүктелген қағаздарға жазылған таңбалардағы сөздерді анықтап көру оңай емес. Бірақ, амандық сұрасқаны мәлім. Ағайындылардың қай-қайсысы да хат соңында жалғыз қарындасының жағдайын сұрап, сағынғандығын жеткізген сөздері жүректі тебіренпей қоймады.

«Қажығали Бұзаубаев ағам нағыз батыр еді. Оның ұрыста ерлікпен қаза тапқанын естігенбіз. Әкемнің ағасы Камышин түбінде ұшқыш болып, жау тылына «Мессершмитті» жойып, ерлікпен қаза тапты. Ол Санкт-Петербургтегі Михайлов зиратында жерленген. Олардың зиратын тауып, барып қайтуға мүмкіндік болмады. Сол себептен әкемнің зиратының жанынан 7 ұлға арналған тақтайша орнаттық. Ондағы ойымыз ұрпақтарымыз аталарының ерлігін ұмытпаса дейміз. Бұл тек біздің отбасының ғана емес, жалпы еліміздің тарихы. Ең бастысы – бұл біздің бейбіт өмір сүруіміз үшін төленген баға. Бұл мәңгі есте қалатын естелік болуы тиіс», – дейді Майра Кульчиева.

Жайғали Бұзаубаев – аты мәлім болмаса да, заты мәңгі ел есінде қалатын батыр. Ол соғыс даласында ерлік танытып қана қоймай, бейбіт күнде де ел үшін аянбай еңбек еткен қайсар жан. Артында қалған ұрпағы оның есімін ұлықтап, ерлік жолын дәріптеп келеді. Бұл – нағыз батырлықтың, шынайы отаншылдықтың үлгісі.

СПОРТ



Спорттық дода 2025 жылдың 19 сәуірінде Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің спорт залында өтті. Турнирге Жылыой, Махамбет, Құрманғазы аудандарының командалары, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау мұнай өңдеу зауыты, сондай-ақ «Отбасылық Family Health Clinic» ЖШС ұжымынан құралған командалар қатысты.

Зауыт ардагерлері жеңіс тұғырында

Атырау мұнай өңдеу зауытының 80 жылдығы мен Ұлы Отан соғысының ардагері, мемлекет және қоғам қайраткері Оңайбай Көшекөтін 100 жылдығына орай ардагерлер арасында волейболдан облыстық турнир ұйымдастырылды. Іс-шараны «Химия, мұнай-химия және соған қатысты өнеркәсіп салалары қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің филиалы – «АМӨЗ» ЖШС кәсіподақ ұйымы ұйымдастырды.

Салтанатты ашылу рәсімінде Атырау облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Өтешов сөз сөйлеп, бұл турнирдің ұрпақтар сабақтастығын нығайту мен тарихи тұлғаларды ұлықтаудағы маңызына тоқталды.

Шара барысында «АМӨЗ» ЖШС кәсіподақ ұйымының төрағасы Ғалымжан Амантурлинге «Алып қыран» ордені табысталды. Бұл марапат оның кәсіподақ қозғалысын дамытуға қосқан зор үлесі мен еңбек ұжымындағы жоғары беделі үшін берілді. Орден – қажырлы еңбек пен адамдарға деген шынайы жанашырлықтың символы ретінде жолданды.

Турнирдің негізгі бөлігінде командалар өзара тартысты ойын көрсетіп, жоғары спорттық шеберлік танытты. Ақтық сында Махамбет ауданы мен Атырау мұнай өңдеу зауыты командалары кездесті. Қызықты да шиеленісті ойын нәтижесінде 2:0 есебімен АМӨЗ командасы жеңіске жетті.

Турнир қорытындысы бойынша:

- 1 орын – Атырау мұнай өңдеу зауыты (АМӨЗ)
 - 2 орын – Махамбет ауданы
 - 3 орын – «Отбасылық Family Health Clinic» ЖШС
 - 4 орын – Құрманғазы ауданы
- Жүлделі орындарға ие болған командалар

дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар, турнирдің арнайы номинациясы бойынша жоғары белсенділік пен шеберлік көрсеткен Бауыржан Жандауов жеке марапатқа ие болды.

Турнирдің жабылу рәсімінде сөз сөйлеген Ғалымжан Амантурлин қатысушыларға ризашылығын білдіріп, барша ардагерлерге мықты денсаулық, жаңа жетістіктер мен ұзақ ғұмыр тіледі.

Б. Қабдрахиев,
«АМӨЗ» ЖШС кәсіподақ
ұйымының зейнеткерлермен
жұмыс және спорттық-бұқаралық
іс-шаралар жөніндегі маманы.

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

Өрт жағдайындағы эвакуация пысықталды

2025 жылдың 18 сәуірінде Капиталдық құрылыс және қайта жаңғырту департаментінің әкімшілік-тұрмыстық корпусында шартты өрт жағдайында эвакуация тақырыбында оқу-жаттығу өткізілді. Бұл іс-шара Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңы мен ІІМ-нің 2020 жылғы 2 шілдедегі №494 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылды.

Оқу-жаттығудың мақсаты – өрт қаупі немесе өрт туындаған жағдайда зауыт қызметкерлерінің дұрыс әрі жедел әрекет ету дағдыларын қалыптастыру және эвакуацияны тиімді ұйымдастыру. Іс-шара барысында – департамент қызметкерлері, келушілер және мердігер ұйым өкілдерін қамтығанда барлығы 34 адам жұмылдырылды.

Эвакуацияны ұйымдастыруға және өткізуге өрт қауіпсіздігі және төтенше жағдайлар қызметі (ӨҚБ, АҚ және ТЖ), оқу және біліктілікті арттыру орталығы (ОЖЖБК), бақылау өлшеу аспаптары және автоматика цехы, «Семсер-өрт сөндіруші» ЖШС №14 өрт бөлімшесі, «KMG-Security» ЖШС филиалы, «Медикер» ЖШС медициналық орталығы, электр цехы және «VC SERVICES» мердігер ұйымы сынды бірқатар бөлімшелер мен қызметтер тартылды.

Оқу-жаттығу барысында барлық қызметтер мен құрылымдардың өзара іс-қимылы жоғары деңгейде атқарылды. Эвакуация процесі нақты



жоспар бойынша, жылдам әрі қауіпсіз орындалды. Авариялық-құтқару қызметтерінің үйлесімді және кәсіби әрекеттері ерекше атап өтілді.

Іс-шараның қорытындысы бойынша оқу-жаттығуға қанағаттанарлық баға берілді. Мұндай жаттығулардың өткізілуі қызметкерлердің төтенше жағдайларда дұрыс шешім қабылдап, әрекет етуіне дайын болуын қамтамасыз етеді.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

АМӨЗ өрт сөндірушілерінің техникалық паркі жаңа көлікпен толықты

Атырау мұнай өңдеу зауытының өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін 16-өрт сөндіру апаттық-құтқару бөлімі өзінің техникалық базасын жаңа заманауи көлікпен толықтырды. Бөлім итальялық өндірістен шыққан «Ivesco» маркалы жаңа өрт сөндіру автоцистернасын (АЦ) алды.



Жаңа өрт сөндіру техникасы қызыл жалынды сөндіруге, оқиға орнына жауынгерлік есеп құрамын, өрт сөндіру құралдарын жеткізуге арналған. Өрт сөндіру автоцистернасы тәуелсіз жауынгерлік бірлік ретінде жұмыс істей алады: өз цистернасынан, ашық су қоймасынан немесе су құбыры желісінен су беруге қауқарлы. Сонымен қатар, көбік түзгішті тек АЦ бағынан ғана емес, сыртқы көздерден де алуға мүмкіндік бар. Бұл мүмкіндіктер өрт сөндіру барысында жоғары тиімділік пен сенімділікті қамтамасыз етеді.

Аталған автокөлік 5000 литрге дейін су тасымалдауға мүмкіндік беретін үлкен көлемді су цистернасымен жабдықталған. Бұл көлем орташа көлемдегі өртті сөндіруге жеткілікті су қорын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, автокөлікте 300 литрлік көбік түзуші бағы қарастырылған. Көбік – жанғыш сұйықтықтармен байланысты өрттерді сөндіруде өте тиімді құрал болып табылады, сондықтан мұндай жабдықтың болуы техниканың тиімділігін арттырады.

Өрт сөндіру кезінде су көзінен су алу мүмкіндігі өте маңызды. Осы мақсатта бұл

техника 7,5 метрге дейінгі биіктіктен су соруға қабілетті. Бұл көрсеткіш ауылдық немесе қала сыртындағы жағдайларда, табиғи су көздерінен су алу кезінде үлкен артықшылық береді.

Автокөлік ішінде өрт сөндіру тобына арналған 6 орын қарастырылған, оның ішінде жүргізуші де бар. Бұл өрт орнына жету үшін қажетті мамандардың толық құраммен жетуіне жағдай жасайды, әрі жұмысты жылдам әрі үйлесімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, мұндай сипаттамаларға ие өрт сөндіру автокөлігі күрделі жағдайларда тиімді әрекет етуге арналған көмекші бола алады. Ол өрт сөндіру қызметкерлерінің қауіпсіздігі мен тиімді жұмысына кепілдік беретін заманауи техникалық шешімдердің бірі болып табылады.

Жаңа техника бөлімнің материалдық-техникалық әлеуетін күшейтіп, АМӨЗ аумағындағы өрт қауіпсіздігін сақтау деңгейін арттыратыны сөзсіз. Өрт сөндірушілер заманауи техниканы игеріп, кез келген төтенше жағдайға жедел әрекет етуге дайын екенін көрсетті.

ТАЗАЛЫҚ ТАРАЗЫСЫ

Атырау мұнай өңдеу зауытының 80 жылдығына орай Жеңіс саябағында экологиялық шара өтті

Атырау мұнай өңдеу зауыты өзінің 80 жылдық мерейтойы аясында бірқатар әлеуметтік маңызы бар және экологиялық мәдениетті насихаттауға бағытталған іс-шараларды қолға алды.



Аталған шара аясында Атырау қалалық әкімдігімен бірлесе отырып Ұлы жеңістің 80 жылдығы аясында қайта жаңғыртылып жатқан Жеңіс саябағында 55 дана қылқан жапырақты ағаш отырғызылды. Бұл жасыл желектер қаланың экологиялық ахуалын жақсартуға өз үлесін қосып, тұрғындарға жайлы демалыс орнын қалыптастыруға бағытталған.

Зауыт қызметкерлері үшін бұл шара қоршаған ортаға деген жауапкершіліктің бір көрінісі болса, қала тұрғындары үшін табиғатты аялауға деген үндеу іспеттес.

«АМӨЗ» ЖШС басшылығы бұл бастамалардың алдағы уақытта да жалғасын табатынын атап өтті.

«АМӨЗ alemi» басылымы №9.
9 мамыр 2025 жыл.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, Қабдолов к-сі, 1
тел.: 8 (7122) 25-95-84.

Газет «Полиграфсервис» ЖШС
баспаханасында басылды.
Орал қ., Л. Толстой к-сі, 27/б.
Байланыс нөмірі:
50-51-46, 51-41-99.
Тиражы: 1500 дана.
Тапсырыс №29.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ
бастығы – Ж. Темірғалиев.
Caspian News ЖШС:
жетекшісі – К. Кертаев.
Редакторлар – И. Козанова,
А. Қабдешова.
Суретке түсіруші – Б. Амантаев.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде 2024 жылғы
23 ақпанда тіркеліп,
тіркеу туралы
№КЗ218VPY00088072
күәлігі берілген.

Газет редакциясы жарнама
материалдары мен
хабарландырулар,
құттықтаулар және көңіл айту
мазмұнына жауап бермейді.